



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Тағылым

ЖАСТАР — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

Халықаралық жастар күніне орай 6-12 тамыз аралығында ауданда түрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылды. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған шаралар олардың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға бағытталды. Олардың қатарында экологиялық акциялар, зияткерлік сайыстар мен денсаулықты нығайтуға арналған жобалар бар.

Қазыналы қарттарға құрмет көрсетуде жалағаштық жастар жолынан жаңылған емес. «Қарияларымызды ардақтап, олардың қажетіне жарау — біздің азаматтық парызымыз» деген жас өрендер Халықаралық жастар күнін «Ардагерлерді ардақтайық» акциясымен бастады. Олар ардагер аналардың шаңырағына арнайы барып, үй-аулаарын тазалап, ретке келтіру жұмыстарына көмектесті. Қариялардың тұрмысына қолғабыс етіп, ақ батасын алды.

Мейірім мен жанашырлықты ту еткен бұл шара жастардың үлкенге деген құрметін айқын аңғартты. Игі іске жұмылған ерікті жастар ардагер аналардың алғысына бөленіп, ақжолтай тілектерін естіп қайтты.

Мерекенің келесі күні жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастарға ашық аспан астында «Бір фильм — бір ой» атты кинокөрсетілім өтті. Кино кешінде жастар назарына қазақстандық режиссердың «Хотя бы кинода 4» комедиялық-шытырман оқиғалы фильмі ұсынылды. Таза ауада ерекше форматтағы кино кеші жастардың көңілінен шығып, мерекелік күннің мазмұнын арттыра түсті. Аталған фильмді тамашалауға келген көрермендер ұйымдастырушыларға шынайы ризашылығын білдірді.



Мереке қарсаңында жастар білім бәйгесінде бақ сынады. Халықаралық жастар күніне орай және «Заң мен тәртіп» акциясы аясында жастар арасында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Танымдық шараның негізгі мақсаты — жастардың білімге деген қызығушылығын арттырып, ой-өрісін кеңейту, зияткерлік қабілетін шыңдау және бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Сайыста қатысушылар түрлі бағыттағы сұрақтарға жауап беріп, білімі мен тапқырлықтарын ортаға салды. Білім додасында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, белсенді жастар, денсаулық жанашырлары мен дарынды оқушылар бақ сынады.

Шараға арнайы қонақ ретінде «Қызылорда» телеарнасы «Зияткер» сайысының жүргізушісі,

«Кітап құрттары» клубының жетекшісі Ізбасар Әмір қатысып, жастарға жылы лебізін білдірді.

Сайыс қорытындысында I орынды БАҚ өкілдері, II орынды белсенді жастар, III орынды дарынды оқушылар иеленді. Жеңімпаздарға ақшалай сыйлықтар мен арнайы марапаттар табысталды. Жастардың білімін шыңдап, зияткерлік әлеуетін арттыруға бағытталған бұл шара олардың білімге деген құштарлығын арттырып қана қоймай, өзара тәжірибе алмасуына да мүмкіндік берді. Ұйымдастырушылар осындай білім бәйгелері алдағы уақытта да жалғасын табатынын айтты.

Жалғасы 4-бетте

Мәжіліс



ҚОС САЛАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте ауыл шаруашылығын, жергілікті кәсіпкерлерді қолдаудағы мәселелер талқыланды. Оған өңірдегі шаруа қожалықтардың басшылары мен жергілікті кәсіпкерлер қатысты. Мұрат Нәлқожаұлы кәсіпкерлікті ілгерілету шараларын тиімді ұйымдастыруда, нақты нәтижеге жетуде ескерілетін жайттарды атап өтті.

— Аймақ экономикасы ұзақ жыл бойы мұнайға тәуелді болып келді. Шикізатқа тәуелділіктен арылып, экономиканы әртараптандыру, терең өңделген өнім өндіру ерекше назарда. Мемлекет басшысының Жолдауында бұл жұмыстарды жаңа қарқынмен жалғастыруға, ішкі және сыртқы нарыққа бәсекеге қабілетті, жоғары сапалы өнім шығаруға басымдық беру тапсырылды. Соңғы төрт жылда өңдеу өнеркәсібінің үлесі 25,6 пайыздан 33,8 пайызға дейін артты. Биылғы бірінші жартыжылдықтың өзінде өңдеу өнеркәсібінде 215 млрд теңгеге жуық өнім өндіріліп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 13,8 пайызға өсті. Саладағы тағы бір маңызды мәселе — отандық, соның ішінде жергілікті өнімді қолдау. Жақында өткен «Қазақстанның үздік тауары» көрмесінде жергілікті тауарөндірушілердің өнімдерімен таныстым. Өнімдердің сапасы жоғары, бәсекеге қабілетті, сырттан келетін тауарларды алмастыруға әлеуеті жеткілікті. Сондықтан баршаңызды жергілікті кәсіпорындардың өнімдеріне басымдық беруге шақырамын, — деді аймақ басшысы.

— Кейінгі жылдары аймақта вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтуде. Мемлекет басшысының суды көп қажет ететін дақылдарды өңтйаландыру тапсырмасына сәйкес, биыл күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10 900 гектарға қысқарып, 70 мың гектарға егілді. Өсімдік шаруашылығын әртараптандыру және жоғары рентабельді дақылдардың үлесін арттыру бағытында жүйелі жұмыс бар. Соңғы төрт жылда облыстағы күріш егісі 19 мың гектарға немесе 21 пайызға қысқартылып, оның орнына суды аз қажет ететін дақылдар егілді. Бұл жұмыстарды одан әрі жалғастыру үшін 2028 жылға дейін дән жүгері егісін ұлғайту мақсатында арнайы Жол картасы бекітілді. Жоспарға сәйкес жүгері көлемін ұлғайту, техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету және мемлекеттік қолдау ұсыну көзделуде. Агроөнеркәсіп саласындағы жалпы өнімнің 30 пайыздан астамы мал шаруашылығының үлесінде. Шаруашылықтар маусымдық егіншілікке ғана бейімделмей, жыл бойы жұмыспен қамтитын кәсіпке, яғни мал басын көбейтуге ден қоюы керек. Биыл кешенді жоспар бекітілді. Наурыз айынан бері жылдық 6 пайызбен «Игілік», «Береке» несиелеу бағдарламалары іске қосылды. Бұл қолдаулардың басты мақсаты — мал басын, ет және сүт өнімдерінің көлемін арттыру. Осы бағыттағы жұмысты да әрі қарай жандандыруымыз керек, — деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжіліс соңында жауапты басқарма басшыларына нақты тапсырмалар берілді. Жергілікті кәсіпкерлер мен шаруашылық төрағалары ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

«ЖОЖ» ақпарат

Өңір өнімі

Үйдің берекесін келтіріп, келіндік міндетін абыроймен атқарып жүрген Ақерке Жылқыайдар сүйікті ісін кәсіпке айналдырып, кондитерлік бағытта еңбек етіп келеді. Ақеркенің тәтті тағамдарға қызығушылығы бала кезінен басталған. Анасына көмектесе жүріп, түрлі дәмді тағамдар әзірлеуді үйренген ол уақыт өте келе бұл қызығушылығы арқылы табыс тайқазанын арттырған. Бір қызығы, кейіпкеріміз білікті мамандардан арнайы оқу оқымаған. Тәтті пісіруді интернет желісі арқылы қарап, асханасында әзірлеп үйренген.

Оның негізгі мамандығы — мейіргер. Ауылдық емханада аға мейіргер болып еңбек ететін Ақерке қазір бала күтіміне байланысты демалыста. Бүгінде ол осы уақытты тиімді пайдаланып, сүйікті ісін кәсіпке айналдыруға ден қойған. Ол сұхбат барысында «алғашқы кәсіпімді мектеп қабырғасында жүргенде бастағанмын» деп өткен шаққа бір сәт көз жүгіртті. Айтуынша, сол кездің өзінде үйден түрлі тәттілер дайындап, мектепте достарына сатып жүрген. Ең алғаш «Зебра» пирогы мен бәліш пісіріп, өз қолынан шыққан дүниенің өзгелерге ұнағанына қуанған. Ол уақытта бүгінгідей интернеттің игілігін пайдалану мүмкіндігі болмаған. Сондықтан жас Ақерке газет-журналдардан тәттілерді әзірлеу тәсілдерін мұқият жазып алып, үйінде жасап көріп, ақырындап тәжірибе жинақтаған. Қателессе қайта жасап, сәтті шыққанша ізденуден жалықпаған. Осылайша бала күнгі қызығушылығы уақыт өте келе сүйікті ісіне айналған.

Кейін кейіпкеріміз әлеуметтік желідегі түрлі аспаз топтарға қосылып, жаңа рецептілерді меңгеріп, заманауи безендіру тәсілдерін үйрену арқылы шеберлігін шыңдай түсті, яғни бүгінгі кәсібінің бастауында оның бала күнгі қызығушылығы мен тынымсыз ізденісі жатыр.

Студенттік жылдары оқуына байланысты

ТӘТТІЛЕР ЖАСАП, ТАБЫС ТАПҚАН

Мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен өз кәсібін бастап, еңбегімен көпке үлгі болып жүрген жастар аз емес. Соның бірі — Еңбек ауылының тұрғыны Ақерке Жылқыайдар. Ол — «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы кәсібін бастап, ауласынан шағын цех ашқан жас кәсіпкер. Бүгінде мұнда күнделікті сұранысқа ие өнімдер дайындалып, ауыл тұрғындарына қажетті қызмет көрсетілуде. Өз ісін нық қолға алған жас кәсіпкер алдағы уақытта кәсібін одан әрі кеңейтуді жоспарлап отыр.

тәтті пісіруді уақытша тоқтатқан Ақерке тұрмыс құрғаннан кейін сүйікті ісіне қайта оралған. Айтуынша, бұл қызығушылығының қайта жандануына отбасының қолдауы сеп болған. Себебі екінші анасы да — тәтті пісірудің шебері. Ал абысындары мен қайын әпкелері де — осы кәсіпте өзіндік тәжірибесі бар білікті маман. Осылайша білмегенін жақындарынан үйреніп, тәжірибесін шыңдаған жас кәсіпкер 2024 жылы сүйікті ісін табыс көзіне айналдыруды қолға алып, «Ауыл аманаты» жобасына құжат тапсырған. Нәтижесінде бытыр қаңтар айында 4 миллион 250 мың теңге көлемінде қаржылай қолдауға ие болды.

— Қаражат қолыма тиген соң ең алдымен торт әзірлеуге қажетті құрал-жабдықтарды алдым. Миксер, үлкен пеш және дайын өнімдерді сақтауға арналған тоңазытқыш сатып алдым. Кондитерлік өнердің қыр-сырын қосымша енемнен, қайын апамнан және абысынымнан үйрендім. Олардың кәсібіне барып, түрлі тәттілердің дайындалу жолдарымен танысып, тәжірибе жинақтадым. «Кәсіп бастаймын» деген алғашқы қадамымнан-ақ отбасым үнемі қолдау көрсетіп келеді. Соның арқасында бытыр үйімздің ауласынан екі бөлмелі шағын цех ашып, кәсіпімді жандандырып келемін, — дейді ол.

Қазір Ақеркенің цехынан түрлі тәттілерді кездестіруге болады. Оның ас мәзірінде «Қызыл барқыт», «Вуппи пай», «Сүтті қыз», «Микс» сынды торттармен қатар нан, бәліш, самса, тәтті тоқаштардың бірнеше түрі бар. Сонымен

бірге туған күн, мерейтой, құдалық, той секілді түрлі мерекелік шараларға арнайы тапсырыстар қабылдайды. Еңбегінің нәтижесінде жас кәсіпкердің өнімдеріне сұраныс та артқан. Тәттілерін ауыл тұрғындары ғана емес, көршілес елді мекендер мен облыс орталығының тұрғындары да тапсырыспен алдыртады.

Ақерке қазір күніне шамамен 20 шақты торт әзірлейді. Оның 7-8-і тұрғындардың алдын ала берген тапсырысы болса, қалғаны арнайы витринаға қойылып, тұтынушылар назарына ұсынылады. Соңғы уақытта жастардың тойына арналған көлемді торттарға да сұраныс артқан.

— Шүкір, қазір тұтынушыларымыз қатары бастапқы кездегідей емес, едәуір көбейді. Цехты алғаш ашқанымда күніне 5-6 торт әзірлесем, қазір 20 шақты торт дайындаймын. Барлығы балғын күйде кешке дейін өтіп кетеді. Ауыл тұрғындары, сондай-ақ көршілес ауылдың халқы туған күнге ғана емес, қонаққа барғанда да тәтті алып баруды әдетке айналдырып келеді. Тапсырыс көбейіп кеткен кезде екінші анам қолғабыс етеді. Мұнан бөлек күнделікті нан өнімдерін де әзірлеймін. Ал самса мен бәлішті тұтынушылардың сұранысына қарай пісіремін, — дейді кейіпкеріміз.

Кәсіпкер келіншектің алға қойған мақсаты айқын. Ол алдағы уақытта тұрғындардың таңдауына қарай өнімінің санын еселеуді көздеп отыр. Сондай-ақ қолынан іс келетін, кәсіпке қызығушылығы бар жас келіншектерге тәтті пісірудің қыр-сырын үйретіп, ауылдағы



жұмыссыздықты азайтуға өз үлесін қосуды көздейді. Осындай еңбекқор, ізденімпаз жастар барда ауылдағы кәсіптің көкжиегі кеңейіп, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашыла бермек.

Өз кәсібін дөңгелентіп қана қоймай, өзгелерге де бағыт-бағдар беруді мақсат еткен Ақеркенің бастамасы — көпке үлгі. Бала күнгі қызығушылығын табыс көзіне айналдырып, еңбегімен береке тауып отырған кейіпкеріміз алдағы уақытта кәсібінің көкжиегін кеңейтпек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



2 ҚОҒАМ

Тағылым

Ұлы ақынның тағылымды мұрасы – ұрпаққа жол сілтер рухани темірқазық. Қазақтың рухани әлемінде Абай Құнанбайұлының орны бөлек. Ол – өлеңімен ой тербеген ақын ғана емес, ұлттың мінезін таразылап, адамзаттық құндылықтарды биік деңгейде зерделеген ұлы ойшыл. Абай мұрасы – бір дәуірдің әдеби жәдігері емес, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдей түсетін, әр ұрпақ өзіне қажетті тағылым табатын рухани қазына.



Осы мақсатта ұлы ақынның шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау, жас ұрпақтың Абай әлеміне деген қызығушылығын арттыру және ақынның адамгершілік қағидаларын санаға сіңіру бағытында «Абай – ақыл мен парасаттың ғұламасы» атты әдеби кеш өтті. Әдеби кештің өн бойында Абайдың өмірі мен шығармашылық жолы, оның қазақ әдебиеті мен қоғамдық ойдың қалыптасуына қосқан өлшеусіз үлесі туралы тағылымды мәліметтер айтылды. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінен үзінділер оқылып, оның білім, ғылым, еңбек, адамгершілік, ар-ұят, мінез және ел болашағы туралы терең ойлары кеңінен сөз болды.

Абай шығармашылығының басты ерекшелігі, оның адамды сыртқы дүниеден бұрын ішкі әлемін түзеуге шақыруында. Ақын үшін елдің түзелуі әр адамның өзін тәрбиелеуінен басталады. Ол жалқаулықты, надандықты, мақтаншақтықты, есек пен өтірікті сынай отырып, халықты білімге, еңбекке, талапқа, әділетке үндеді.

Абайдың: «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба. Құмарланып шаттанба, Ойнап босқа күлуге» деген өлең жолдарының өзі адам баласына үлкен өмірлік бағдар береді. Ақын мұнда жастық шақты бос өткізбей, білім мен ғылымға ұмтылудың, пайданы іске талпынудың маңызын айтады. Бұл – бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтылғанымен, бүгінгі күн үшін де өзектілігін жоғалтпаған ой.

Әдеби кеште Абайдың осындай басқа да терең мағыналы шығармалары оқылып, әр туындының астарындағы философиялық мәнге назар аударылды. Ақынның әрбір өлеңі адамды ойлануға, өзіне есеп беруге, өмірдің мәніне үйілуге жетелейді.

Абайдың ұлылығы да осында. Ол – адамға сырттан ақыл айтушы ғана емес, адамның өз жүрегіне үйілуіне себеп болатын ойшыл. Оның шығармаларын оқыған сайын «Мен қандай адаммын? Өміріме не қосып жүрмін? Еліме қандай пайда тигізе аламын?» деген сауалдар алдыңнан шығады.

Әдеби кештің мәні де осындай ойлы сауалдарға жетелеуінде болды. Шарада қатысушылар ақынның қара сөздеріне де кеңінен тоқталды. Абайдың қара сөздері – қазақ ойының биік мектебі. Онда халықтың тұрмыс-тіршілігі ғана емес, адамның мінезі, тәрбиесі, білімге ұмтылысы, еңбекке қасиеттері, елдің сана мен адамдық қасиет жайында терең толғамдар бар.

Абай «толық адам» болудың негізін ақыл, қайрат, жүрек үйлесімінен іздеді. Бұл ұстанымның бүгінгі қоғам үшін де маңызы зор. Ақылды болу жеткіліксіз, білімді болу да аз. Адамда жүрек жылуы, ар-ұят, әділет сезімі, елге деген жауапкершілік қатар болуы керек. Сондықтан Абайды оқу – тек әдеби шығармамен танысу емес, адам болу жолын іздеу.

Ұлы ақынның шығармалары жас ұрпақты білім алуға, ізденуге, еңбектенуге, уақыттың қадірін білуге тәрбиелейді. Қазіргі заманда ақпарат көп, мүмкіндік зор. Бірақ сол мүмкіндікті дұрыс пайдалану үшін Абай айтқан талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым секілді қасиеттердің орны ерекше. Әдеби кеште ақынның өмір жолына қатысты деректер айтылып, оның шығармашылық мұрасының қазақ халқы үшін маңызы кеңінен түсіндірілді. Қатысушылар өлеңдерін мәнерлеп оқып, қара сөздерінен үзінділер келтірді. Әрбір шығармадағы ойдың бүгінгі күнмен сабақтастығы сараланды.

Абайдың: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өсиеті де адамдық биіктіктің өлшемін аңғартады. Ақынның бұл сөзі материалдық мақсаттан бұрын ар мен білімді жоғары қоюға шақырады. Адамның шынайы байлығы – оның жиған дүниесі ғана емес, бойына жинаған білімі, көрген тәрбиесі, жасаған жақсылығы мен елге тигізген пайдасы. Осындай ойлар әдеби кештің мазмұнын тереңдетте түсті.

Абай шығармашылығында туған елге деген сүйіспеншілік пен ұлт болашағына аландау сарыны айрықша орын алады. Ол өз заманындағы кемшіліктерді сынағанда халқын кемсіту үшін емес, түзелуге үндеп, «алға ұмтылсын» деген ниетпен айтып. Оның сынының астарында елге деген үлкен махаббат жатты. Сондықтан Абай мұрасы – ұлтты сынаған мұра ғана емес, ұлтты оятқан мұра.

Оның «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын толғаныстары да ақынның халық тағдырына бейжай қарамағанын көрсетеді. Абайдың әрбір ойының ар жағында елдің ертеніне деген алаң, қазақтың білімді, мәдениетті, еңбекқор, өркендетті ел болуын аңсаған арман тұр. Бүгінгі ұрпақ үшін Абайды танудың мәні де осында. Ұлы ақынның мұрасын дәріптеу – өткенді еске алу ғана емес, келешекке бағыт іздеу. Себебі Абай айтқан білім, ғылым, еңбек, әділет, адамгершілік секілді құндылықтар ешқашан ескірмейді.

Әдеби кештің тағылымы да осыны аңғартты. Қатысушылар ақын шығармаларынан рухани нәр алып қана қоймай, оның әр сөзіне ой жүгіртіп, өз өмірімен сабақтастыруға мүмкіндік алды.

Абайдың сөзі уақытпен талапспайды. Керісінше уақыт өткен сайын жаңаша қырынан таныла береді. Бір кезде жас ұрпаққа айтылған өсиет бүгінгі буынға да қажет. Ертенгі ұрпақ та одан өзіне қажетті бағыт табыры анық. Себебі Абайдың шығармашылығы белгілі бір кезеңнің шеңберіне сыймайды. Оның көтерген мәселелері – адамзатқа ортақ мәселе.

Адам болу. Білімге ұмтылу. Еңбек ету. Арды сақтау. Әділетті болу. Жасылық жасау. Елге қызмет ету.

Міне, Абайдың адам баласына қалдырған ұлы аманаты осындай қарапайым көрінгенімен, мағынасы терең ұстанымдардан тұрады.

Әдеби кеш соңында Абайдың асыл мұрасы халқымыздың сарқылмас рухани қазынасы екені тағы бір мәрте айқындалды. Ұлы ақынның шығармаларын оқу арқылы ұрпақ өзінің ұлттық болмысын тереңірек танып, адамдық қасиеттің биігін бағалай түседі. Абай – қазақтың ғана емес, адамзаттың ой кеңістігіне өзіндік із қалдырған ұлы тұлға. Оның сөзі – санаға сауле. Оның өсиеті – өмірге бағдар. Оның мұрасы – ұрпаққа аманат. Сондықтан Абайды дәріптеу – біркүндік шараның міндеті емес, ұлттың рухани тәрбиесімен сабақтасатын мәңгілік іс.

«Абай – ақыл мен парасаттың ғұламасы» атты әдеби кеш те ұлы ойшылдың осындай өлмес мұрасын жас ұрпақтың жүрегіне жеткізген тағылымды шаралардың бірі болды. Кеште айтылған әрбір өлең, әрбір ой, әрбір өнегелі сөз қатысушыларға рухани серпіліс сыйлап, Абай әлеміне деген қызығушылықты арттыра түсті.

Ұлы ақынның сөзі ұрпақпен бірге жасай бермек. Өйткені Абайдың басты мұраты адамды адамдыққа бастау еді. Ал адамдыққа бастайтын жолдың шамшырағы сенбейді.

Семинар

АРДАГЕРЛЕР –

ӨТКЕН МЕН БҮГІНДІ ЖАЛҒАҒАН АЛТЫН КӨПІР

Ардагер – уақыттың үнін естіп, тарихтың жүгін арқалаған елдің шежіресі. Кешегі күннің көруенін бүгінге жеткізіп, ертеңге аманат етер ақылдың алтын сандығы. Қай ауылдың да берекесі төрінде отырған қариясынаң, елге сөзі өтетін ақсақалынаң, кейінгіге жол көрсетер үлкенінен көрінеді. Өйткені қарттың ғұмыры – бір адамның ғана өмір жолы емес, тұтас бір дәуірдің тағдыры. Олардың маңдайындағы әр әжім – уақыттың табы, әр сөзі – өмірден сүзілген сабақ, әр батасы – ұрпаққа қалдырған аманат.

Аға буынның қадірін білген ел өткенін ұмытпайды. Өткенін ұмытпаған ел бүгінін бағалайды. Ал бүгінін бағалаған жұрт ертеңін де ойлайды. Осындай ойды өзек еткен тағылымды басқосу Аққұм ауылында өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес кент және ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағалары бас қосып, «Зиянды әдеттермен күрес» тақырыбында аудандық семинар өткізді.

Ауданның 14 ауылынан келген ардагерлерді бір арнаға тоғыстырған жиынның мазмұны біркүндік шараның аясынан алдеқайда кең болды. Мұнда өткенге тағзым, елдік тәрбие, салауатты өмір салты, ауылдың әлеуметтік тынысы, кәсіп пен қайырымдылық, ең бастысы, ұрпақ алдындағы жауапкершілік өзара сабақтасты.

Ардагерлерді аққұмдықтар алдымен «Тағзым» алаңында қарсы алды. Ел басына күн туған шақта Отан үшін от кешкен майдангерлердің ескерткішіне тағзым етіліп, олардың рухына құран бағышталды. Одан әрі ауған соғысы ардагерлеріне және Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов арналған ескерткіштерге барып, ел үшін ерлік жасаған, еңбегімен елге қызмет еткен азаматтардың рухына құрмет көрсетілді.

Бұл сәттің өзінде үлкен мағына бар еді. Себебі тағзым – өткенді еске алу ғана емес, бүгінгі бейбіт күннің бағасын түсіну. Ескерткіш алдында үнсіз тұрған әрбір жан кешегі тарихтың салмағын жүрегімен сезінгендей. Ел үшін жанын қиғандардың ерлігі мен елдің ырысын еселегендердің еңбегі бүгінгі ұрпаққа аманат болып жетті.

Осыдан кейін ардагерлер Алдаберген Бисенов атындағы мектепке ат басын бұрды. Мектеп табылдарығынан аттаған сәттен-ақ ауылдың ақ дастарқаны жайылып, бауырсақ, құрт, ірімшік, шұбатпен қарсы алынды. Бұл қарапайым ғана дәм емес, қазақтың кең пейілі мен үлкенге деген құрметінің белгісі еді.

Мектеп ішіндегі 2006 жылы ашылған мұражай – Аққұмның өткені мен бүгінін жалғап тұрған рухани шежіре. Оның бір бөлімі мектеп тарихына арналса, екінші бөлігі Еңбек Ері, Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері Алдаберген Бисеновтің өмірі мен еңбек жолын таныстырады.

Мектеп тарихының 1929 жылдан басталатынын айтқайтын құнды деректер, соғысқа қатысып, елге аман оралған ардагер ұстаздар туралы мәліметтер, білім саласында еселі еңбек еткен мұғалімдердің құжаттары мен марапаттары, халықаралық, республикалық байқауларда топ жарған шәкірттер жетістігі, бәрі де осы мұражайда жинақталған.

Мұнда майдангер ұстаз Мұсабек Князевтің жеке құжаттары мен орден-медалдары, соғыс және еңбек ардагері Бектай Ешпановтың өмір жолына қатысты жәдігерлері сақталған. Ал «Өмір – өзен», «Тарих тағылымы», «Аққұм – атақоныс» секілді кітаптар ауыл тарихын хатқа түсірген азаматтардың еңбегін танытады.

Алғашқы қоңырау, кеңестік кезеңдегі қызыл галстук секілді көне жәдігерлердің өзі мұнда өткен дәуірдің үнсіз куәгерінедей. Бүгінгі бала үшін қарапайым көрінетін бұйымдардың ар жағында тұтас бір кезеңнің тынысы жатыр.

Мұражайдың Алдаберген Бисеновке арналған бөлігі де ерекше әсер қалдырды. Еңбек Ерінің жолындағы жылдары, ауыл шаруашылығын өркендетуге қосқан үлесі, ел ағаларымен бірге түскен суреттері, жеке құжаттары, дипломдары мен марапаттары – маңдай термен келген абыройдың айғағы. Отбасы, ата-анасы, туған-туыстары, майдандас қаруластарымен түскен суреттері арқылы бір азаматтың тағдыры ғана емес, тұтас дәуірдің келбеті көрінеді.

Қаламгер Қазі Соңғыбайұлының «Рухқа тағзым», «Нартұлға» кітаптары мен мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар да тұлға өмірін кейінгі ұрпаққа жеткізудің рухани көпіріне айналған.

Мұражайдан шыққан соң ардагерлер мектептің бүгінгі тынысымен танысты. Заманауи биология, химия, физика кабинеттері ауыл балаларына сапалы білім алуға жаңа мүмкіндік берген. Ал робототехника үйірмесі – қазіргі заман талабына сай ізденістің айқын көрінісі.

Үйірмеге 30 оқушы қамтылып, шәкірттер турлі байқауларда бақ сынап жүр. «RoboteK Grand Tournament» чемпионатының облыстық кезеңінде «Роботек» бағыты бойынша Әбдірасул Ыбырашұлы мен Бексұлтан Қаналбектің 1 орын иеленуі ауыл баласының да үлкен додаларда биіктен көріне алатынын дәлелдеді.

Кітапханадағы «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары да осы сабақтастықтың басқа бір арнасын көрсетті. Бірі тарихты сақтаса, бірі білімге жол ашады. Өйткені елдің ертенін тәрбиелеу тек сөзбен емес, осындай нақты іспен қалыптасады.

Мектептен кейін ардагерлер ауылдық мәдениет үйіне бет алды. Мұнда да ауылдың ақ дастарқаны жайылып, қонақтар ықыласпен қарсы алынды. «Зиянды әдеттермен күрес» тақырыбындағы семинар өнермен өріліп, «Балауса» бті тобының қазақтың «Шашу» биімен басталды.

Аққұмдықтардың өнерге деген құрметі мұнымен шектелмейді. 2016 жылы құрылған «Қазына» ардагерлер хор ұжымының құрамында жыршындар астам өнерлі ардагер бар. Аудандық, облыстық байқауларда жүлделі орындардан көрініп жүрген бұл ұжымның өзі – жасқа қарамай,



елге қызмет етудің жарқын мысалы.

Сахна төрінде «Қазына» ардагерлер хоры халық әні «Еркем-ай» әнін орындады. Өнерлі келіндерден құралған «Ақ келін» хоры «Ағажан Ләтипа» әнін шырқаса, Базаркүл Ерназарованың орындауындағы «Ақтаудың түні» көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Ал «Еркетай» квинтетінің Мұқағали Мақатаевтың «Бақыт деген» әнін орындауы кешті бала бақыты мен болашақ тақырыбына ұластырды.

Семинар аясында ұйымдастырылған спорттық сайыстар да аға буынның белсенділігін танытты. Жарыс қорытындысында үздік нәтиже көрсеткен ардагерлерді марапаттау үшін ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қосым Жүсіпбекулы сөз алып, адам өміріндегі спорттың маңызына тоқталды.

– Спорт – адамның денесін ғана емес, рухын да шыңдайды. Сайысқа қатысқан әрбір ардагер жеңіс үшін ғана емес, кейінгі буынға үлгі болу үшін ортаға шықты. Жас ұрпаққа салауатты өмір салтын айтып қана қоймай, өз өмірімізбен көрсетуіміз керек. Біздің бүгінгі бас қосымыздың мәні де осында. Бірлігіміз бекем, деніміз сау, көңіліміз сергек болсын. Елге қызмет етудің жасы жоқ. Қолдан келгенше кейінгіге жол көрсетіп, жақсы істің басынан табылайық, – деп спорт ардагерлеріне алғысын білдіріп, үздіктерді марапаттады.

Бұл сөздің астарында семинардың негізгі мақсаты жатыр. Зиянды әдетпен күрес – тек тыйыммен шектелмейді. Оның орнына спорт, өнер, еңбек, кітап, отбасы тәрбиесі және жақсы орта ұсынылуы керек.

Осы тұрғыдан алғанда Аққұмның «ішімдіксіз ауыл» атағын иеленуі – айрықша атап өтерілік жетістік. Бұл атақ біркүндік науқанның нәтижесі емес. Оның артында елдің ортақ ниеті, үлкендердің батасы, ата-ананың жауапкершілігі, жастардың болашағына аландаған азаматтардың табанды ұстанымы тұр. Бір ауылдың зиянды әдеттен бойын аулақ ұстауы – ұрпақ тәрбиесіне деген тұтас қоғамның көзқарасын білдіреді.

Мәдениет үйіндегі мазмұнды бағдарламадан кейін ардагерлер ауылдағы ойын алаңына арнайы барып, ел балалары үшін жасалған игі істің нәтижесімен танысты. Жеке кәсіпкер А.Сапаевтың өз қаражатына салып берген бұл ойын алаңы – туған жерге деген азаматтық жанауырлықтың нақты көрінісі.

Мұндай іс кейде үлкен сөзден де әсерлі. Себебі туған жерге қызмет етудің өлшемі тек қызметпен немесе лауазымен белгіленбейді. Біреу ауылдың мәселесін сөзбен көтереді, енді бірі қолынан келген қаржысымен көмектеседі, тағы бірі ұйымдастырады. Бәрінің түйсетін жері бір, елге деген ниет.

Ауылдағы шаруашылықтардың да мәдени, қоғамдық шараларға қолдау көрсетіп, елдік бастамалардан шет қалмай келе жатқаны – осы азаматтық жауапкершіліктің жалғасы. Демеушілердің қолдауымен Марал ишан, Қорқыт ата секілді ел қадірлеген тұлғалардың зиратына ардагерлеріміздің барып келуін қамтамасыз еткен шаруашылықтардың қазыналы қарттарымызға туған жерге деген құрметтің айғағы. Мәдениет үйі мен ойын алаңынан кейін ардагерлер Қосым Жүсіпбекулы төрағалық ететін Аққұм ауылдық округі бастауыш ардагерлер ұйымының ардагерлер бөлмесіне барып, семинардың қорытынды жиынын өткізді.

Бұл жерде сөз де, мәселе де салмақты болды. Садық Алиев ақсақал басқосудың жақсы ұйымдастырылғанын атап өтіп қана қоймай, ардагерлердің әкімшілігімен бірлесіп атқарып жүрген жұмыстарына тоқталды. Ел ішінде шешімін күткен мәселелерді назардан тыс қалдырмай, ауылдың тұрмыс-тіршілігіне қатысты маңызды түйткілдерді ортаға салды. Әр ардагер өзіне жүктелген міндетке жауапкершілікпен қарап, тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істеу керектігін айтып, нақты тапсырмалар берді.

Осы жерде ауылдың тыныс-тіршілігі туралы сөзді Қосым Жүсіпбекулы жалғады. Қосым атаның әңгімесі құр есеп-қисыннан тұрмады. Ол Аққұмның бүгінгі жағдайын сөз ете отырып, ауылдың берекесі ең алдымен адамдарының бірлігіне байланысты екенін алға тартты. Ауылдағы әрбір мәселенің артында бір отбасының тұрмысы, бір қарияның аландауы, бір баланың болашағы тұрғанын айтты.

Аққұмда 203 ардагер бар. Бірақ бұл жай ғана сан емес. Оның әрқайсысының артында елге сіңген еңбек, өмірден көрген тәжірибе, ұрпаққа айтар сөзі бар.

Ауылдағы 14 көшенің 9 көшесіне ардагерлер ұйымының мүшелері жауапты. Бұл дерекке қарапайым статистика ретінде қарауға болмайды. Көшеге жауапты қария сол көшенің жайын сұрап қолтын адам ғана емес. Ол – ағайынның арасын жалғайтын дәнекер, қуанышқа ортақтасатын, қиындықта демейтін, қажет жерде ақылын айта-тын ел ағасы. Аяқсу мәселесі туындаса, ауызсуға қатысты мәселе болса, көмір немесе техника қажет болса, той, құдайы ас секілді жұмыстардың ұйымдастырылуына жәрдем керек болса, сол көшеге жауапты ардагердің араласуы арқылы көп мәселе шешімін тауып жатады.

Бұл – ардагерлердің зейнетке шыққанымен, ел қызметінен шет қалмағанының дәлелі. Тіпті одан да терең мағынасы бар. Жасы ұлғайған адамның өз көшесіне, өз ауылына жауапкершілік алуы – кейінгі ұрпаққа үнсіз берілген тәрбие.

Олар жастарға «елге қызмет ет» деп жай ғана айтып отырған жоқ. Өздері сол сөздің үлгісін көрсетіп жүр. Қосым Жүсіпбекулы осыны айта отырып, ауылдың алдағы жоспарына да тоқталды. Аққұмның шаруашылығы, әлеуметтік жағдайы, ел азаматтарының қолдауы, ардагерлер ұйымының жұмысы, бәрі бір-бірімен сабақтас екенін атап өтті.

Ауылдағы «Бақдаулет», «Аққұм-Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Бірлік» секілді шаруашылықтардың егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысып, ел экономикасына үлес қосып қана қоймай, ауылдың қоғамдық және мәдени өміріне қолдау көрсетіп келе жатқаны да сөз болды.

Бұл – Аққұмдағы тағы бір маңызды ерекшелік. Туған жердің көркеюіне тек мемлекет емес, ел ішіндегі азаматтар да өз үлесін қосып отыр. Бірі ауыл баласына ойын алаңын салып береді, бірі мәдени шараға демеушілік етеді, бірі тарихи орындарды жаңғыртуға қол ұшын созады, енді бірі ауылдың әлеуметтік мәселесіне атсалысады. Осындай көптің көмегі біріккен жерде ауылдың ажары да, оның ар жағында берекесі де арта түседі.

Үлкеннің сөзі – елге бағыт

Жиын соңында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов ардагерлерге ризашылығын білдіріп, олардың қоғамдағы орнына тоқталды.

– «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Бірақ елдің жүгін жұмыла көтеру үшін алдымен ортақ мақсат, өзара сенім және елге деген жауапкершілік қажет. Осындай қасиеттердің бойына әбден сіңген буынның бірі – сіздер. Сіздердің өмір жолдарыңыз – еңбекпен елге қызмет етудің мектебі. Көргендеріңіз бен көңілге түйгендеріңіз – ешбір кітапта толық жазылмайтын халық тарихы. Сондықтан әрбір ақыл-кеңестеріңіз, ұсыныстарыңыз, ауылдың мәселесіне қатысты пікірлеріңіз біз үшін маңызды. Бүгінгі ұрпаққа зиянды әдеттен аулақ болуды айту аз. Оның орнына дұрыс өмірдің үлгісін көрсету керек. Спортпен айналысу, өнерге жақын болу, кітап оқу, еңбек ету, отбасын қадірлеу, елге пайдалы іс жасау, осылардың бәрі жас адамды дұрыс жолға бастайды. Ал осы құндылықтардың бәрін өз өмірімен көрсетіп отырған ардагерлердің өнегесі – ең үлкен тәрбие. Аққұмның ішімдіксіз ауыл ата-ануы да – ел болып жасалған жұмыстың нәтижесі. Мұндай бастаманы сақтау – бүгінгі буынның ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілік. Біз ардагерлердің бастамаларына әрдайым қолдау көрсетуге, ауылдың мәселесін бірге шешуге дайынбыз. Себебі елдің мәселесі – бір адамның емес, баршамыздың ортақ ісіміз. Ал сіздердің ақылдарыңыз бен өмірлік тәжірибелеріңіз – сол істің дұрыс бағыт алуына үлкен тірек, – делі аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғараулы.

Шын мәнінде, Аққұмдағы бұл семинардың салмағы бір күннен өлшенбейді. «Тағзым» алаңындағы үнсіздік тарихты сөйлетті. Мұражай өткеннің өнегесін көрсетті. Мектеп бүгінгі білімнің мүмкіндігін танытты. Мәдениет үйі өнердің төрбиелік қуатын паш етті. Спорт салауатты өмірдің маңызын айқындады. Ойын алаңы балаға жасалған қамқорлықты көрсетті. Ал ардагерлер бөлмесіндегі қорытынды әңгіме ауылдың бүгінгі мәселесі мен ертенгі міндетін ортаға салды.

Бәрін біріктірген бір ғана ұғым бар. Ол – ұрпақ сабақтастығы. Кешегі майдангердің ерлігі, еңбек адамының маңдай тері, ұстаздың шәкіртке берген білімі, бүгінгі кәсіпкердің туған жерге жасаған көмегі, ардагердің көшеге жауапкершілік алуы бір-бірінен бөлек көрінгенімен, түпкі мәні бір. Ол – елге қызмет ету.

Аққұмдағы 14 көшенің 9-ына ардагерлердің жауапты болуы да – осының айғағы. Олар елден алыстаған жоқ, керісінше елдің ортасында жүр. Біреудің қуанышына ортақтасып, біреудің мәселесіне араласып, қажет жерде ақылын айтып, ауылдың тынысына сергек қарайды. Бұл – «ардагерлік» атағын сөзбен емес, іспен көтеруді.

Ауылдың «ішімдіксіз ауыл» атағын иеленуі – ұрпақ тәрбиесіне деген берік ұстанымның жемісі. Кәсіпкерлердің туған жерге жасаған қамқорлығы – азаматтықтың белгісі. Шаруашылықтардың елдік іске қолдау көрсетуі – бірліктің көрінісі. Мәдениет пен спорттың қатар дамуы – салауатты қоғамның негізі.

Осылардың бәрі бір ауылдың бүгінгі келбетін қалыптастырып отыр. Сондықтан ардагерлерді құрметтеу – оларға тағзым етіп, құрмет көрсету ғана емес, өмірінен өнеге алу.

Қазыналы қартын қадірлеген ел өзінің тамырын қадірлейді. Тамырын таныған ұрпақ адаспайды. Ал үлкеннің өнегесін бойына сіңірген жас елдің ертені қалыптастырады.

Аққұмдағы тағылымды басқосу бізге тағы бір шындықты аңғартты: елдің ең үлкен байлығы – оның адамдары. Ал сол байлықты төрінде өмірден сабақ алып, елге сабақ берген ардагерлер тұр.

Кеше мен бүгіннің арасындағы алтын көпір мықты болса, ертеңге бастар жол да айқын. Сол көпірдің берік болуы – бүгінгі ұрпақтың үлкенге деген құрметіне, үлкеннің кейінгіге қалдырған өнегесіне байланысты. Осы ретте ардагердің сөзі – аманат, ісі – өнеге, ғұмыры – тарих. Ал сол тарихты ұмытпай, өнегесін жалғастыру – бүгінгі буынның ел алдындағы ең үлкен парызы.

Тағзым

КЕРУЕН САРАЙ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Дүниенің төрт тарабына тартылған байырқалы байтақ даланы Жаратқан Неміз қазақ халқының сорына да, бағына да байлапты. Бағы белгілі, ал соры сол, осынау баябан далаға көз сұғын қадаған алмакөз дүшпан аз болған жоқ. Жан-жақтан анталап, әр бүйірден соқтыққан жау шашырап жүрген халықтың тоз-тозын шығарды. Сол кезеңдердегі қазақтың қасіреті мен қайғысынан қабырғасы қайысқан семсерін сертке ұстаған батырлар мен қара қылды қақ жарған билер, топ бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендер еді. Батырлардың қынынан суырылған қылышы жарқ еткенде көкте жасын ойнап, жерге шатырлап жай түсіп еді. Жұртты аузына қаратқан билеріміз алқалы жиында тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, ел ішіне іріткі салған дау-шардың күрмеуін тілімен шешіп, алауыз ағайында бітістіріп еді. Осындай баһадүр батырлар, мәмілегер билер мен ділмәр шешендер Сыр жағалай қонған қалың елдің ішінде де аз болған жоқ және олар сол елдің тыныштығы мен бірлігін сақтады. Солардың бірі де бірегейі – Үбіс би Жанайұлы.



Үбіс би XVIII ғасырдың аяғында дүниеге келіп, XIX ғасырдың орта тұсында өмірден өткен. Ол батыр әрі би болған. Шарият жолын мықтап ұстанатын Үбіс бабамыздың жайлап-қыстаған негізгі атақонысы Сыр мен Қуанның бойы екен. Билің сөзі қашанда халқы үшін қадірлі. Үбіс тек биліктегі әділ төрелігімен ғана емес, асқан батырлығымен, тақуа діндарлығымен, қай кезде де қараша халықтың сөзін сойлап, оларға үнемі қамқор болып жүретін адами қасиетімен де ел-жұртына сыйлы болыпты. Көрікүлақ, көнекөз тарихты тыңдасаңыз, Үбіс би туралы аңызға бергісіз әңгіме көп...

ҚОЖАНИЯЗ БЕКТИҢ ҚИЯНАТЫ

Үбіс билің өмір сүрген кезеңінде Сыр мен Қуанның бойына Қоқан мен Хиуа хандығы билік жүргізген. Осы күнгі Аккыр ауылының теріскейінде ел аузында «Қожанияз бектің қорғаны» аталып кеткен тарихи жер атауы бар. Қорған деген атты болмаса, бұл күні тек үйіндісі ғана қалған. Осы қамалда отырған Қожанияз деген Хиуа бегі сол аймақтағы қазақ ауылдарынан алуан түрлі алымсалық алып, елді қан қақсатпайды. Тіпті негізгі салық төлеуге көнбеген қараша ауылдардағы қазақтарды соққыға жығып, қарсыласқанын өлтіріп, көрікті қыз-келіншектерді ат артына бөктеріп, алып кетіп отырады. Алайда қанша қаһарлы болса да, сол Қожанияз бек Үбіс билден қаймағыда екен. Тіпті Үбістің батырлығын, тұрашылдығын, әділдігін құрмет тұтыпты.

Бірде Қожанияз атакты палуан һәм батыр Сарманның ауылын шабады. Бұл жолы да бектің шабармандары ауылдың сойыл сілтеуге жайратын қаса жігіттерін соққыға жығып, қыз-келіншектерін алып кетеді. Солардың ішінде кеткен Сарман батырдың туған қарындасы «Ауылда Сарман ағамның жоқтығы ғой» деп көзінің жасын бұлапты. Бұл кезде Сарман батыр ұзақ жолдан сапарлап келе жатыр екен. Өкінішке орай қарашасын қорғап үлгере алмайды. Ауылына келгенде жоқ ойранның ортасына түскен шапырақтарды, келірген елді көреді. Мән-жайға қаныққан соң Сарман ат аустықтырып мініп, жау жасағының соңынан тура шабады.

Бұл кезде бектің шабармандары қорғанға таияп қалған екен. Сарманның астындағы жер апысынан қумырған қазанаттың тұяғынан көтерілген шаңнан дауыл тұрыпты деседі. Мұны көрген Қожанияздың әскері қуғыншының жай алап еместігін біліп, қарсыласуға қан қылады. Бірақ алапат ескінді дауылға шыдаб беріп, тосқауыл қоя алмайды. Ашуға булығып, тұла-бойын көк бұған Сарман батыр сол арынымен топқа кіріп, елу-алпыстай жау жасағын жалғыз өзі жусатып салып, қарындасы мен өзге де тұтқындалған қыз-келіншектерді ауылына алып қайтады. Аман қалғандары әрең қашып құтылып, бекке болған жайды баяндайды. Сол маңдағы жұртқа кожалық жасап отырған Қожанияз мұны естігенде түрі түтігіп, қаһарына мінеді. Бір адамға қайрат көрсетіп, қауқар қыла алмаған сарбаздарын да жазалайды.

Сарман ауылына қайтадан әскер аттандырып, батырды тұтқындап, зынданға салады. Сарман – Үбіс билің бірер атадан қосылатын туысқан інісі. Сарманның ауылы шабылғаны, батырдың өзі тұтқынға түскені туралы хабар Үбіске жетеді. Қашанда әділеттің сойылынан соғып жүретін би қасына ол қаралы нөкерін ертіп, қожанияз аттанады.

Үбістің қасына белдігінде үнемі ұзындығы екі қарас болатын келте кездік жүреді екен. Қамала кірген Үбісті Қожанияз әдеттегідей: – Үа, Үбіс би, келіңіз, менің сол жағым әрдайым өзіңдікі, – деп құрметпен қарсы алып, төрден орын ұсынады.

Дастарқаннан дәм ауыз тиген соң Үбіс би келген шаруасын айтады. Сонда төмен қарап ойланып қалған Қожанияз: – Үа, Үбіс би, сенің батырын менің бірнеше жасаушылымды жайратып салды. Сен дін ұстанып жүрген адамсың, олай болса айтыш, шарияттың шартында қолын қандаған адамның үкімі тек өлім ғана ғой және олардың жаны тозақы емес пе?! – дейді.

Сонда Үбіс мысықпен кеңкілдеп күліп: – Әй, Қожанияз, сен өзіңнің мойыңда қанша қазактың қаны, қазактың қанша қыз-келіншектерінің көз жасы бар екенін білемісің? Ұғып ал, сен Сарманды өлтіргенімен оның жаны тозаққа емес, пейішке барады. Өйткені жазықсыз жандарды, өзінің қарындасын құтқуар үшін сондай құрбандыққа баруға мәжбүр болды, – дейді.

Сөзін зілмен аяқтаған Үбіс сол сәтте қынына сімәй қылып тұрған откір кездігінің бойенетін ағытп, сабын сындырып жіберердей сығымдап отырады. Үбістің

турашылдығымен қатар батырлығын да білетін және содан сескенетін Қожанияз сол жағында отырған билің әр қимылын қалт жібермей бағып отырады. Егер ымыраға келмесе, оның әбжіл қимылымен кездікті жүрек тұсынан ұратынын билің сұрланып кеткен түрінен байқайды да, ұлғіндегі райынан лезде қайтып: – Үа, Үбіс би, Сарманның жазасы ауыр елі. Десе де ордама басқа емес, өзін келіп отырсын. Ал сен мен үшін қашанда құрметті адамсың. Сондықтан Сарманның жанын қидым өзіне. Бірақ бұдан кейін осындай оқиға тағы да қайталанатын болса, қолама түскен батырын да аман қалмайды және саған да мұндай құрмет көрсетілмейді, – деп зынданда жатқан батырдың басына бостандық берелі.

Қазақ жерінде отырып, әбден ойына келгенін істеп, айналасындағы елге қысым көрсеткен Қожанияздың қорғанын кейін Тоғанас батыр бастаған қалың қол талқандап, бектің өзін қазыққа отарғызып, азаптап өлтіреді.

ҚЫЗЫЛБАС БАТЫРДЫҢ ҚЫҢЫРЛЫҒЫ

Қызылқұм ішін қыстап, дария бойын жайлаған Үбіс би көзі тірісінде Жаңадарияның бір ініндегі «Көкшүңгіл» деген жерге қоспақ ұйтам салдырған. Мұны халық кейде қайыр там немесе керуен сарай деп те атайды. Жақында Үбіс би ұрпақтары бабалары салдырған тарихи Керуен сарайды қайта қалпына келтірді.

Ертеректе осы жермен Шымбай жолы өткен. Екі елдің арасын жалғаған бұл жолмен батыстан шығысқа, шығыстан батысқа талай-талай керуен жүрген. Алласы аузынан түспей, бес уақыт намазын қаса қылмаған Үбіс бабамыз салдырған бір-біріне жаспарласқан күмбезді қоспақ ұйтам қол азабын тартқан сол керуен көштің бірер күн аялдап, тынығып алатын орнына айналған.

Осы «Көкшүңгілдің» ескі қорым бар. Үбіс бабамыз да осы маннан мәңгілік тұрақ тапқан және атакты Қызылбас батыр да осы жерге түйісін шөгертіпті. Қызылбас батырдың кесенесі жартылай құлаған. Сағанасының ұзындығы есік пен төрдей. Осыдан-ақ батырдың тұлғасы қандай болғанын шамалай беруге болады.

Қызылбас батыр әрі палуан адам болған деседі. Мінезі де шалдуар-шатақ болыпты. Бір батырды жұт болып, ел ішіндегі төрт түлікті тытпшылы етеді. Сол кезде елін қиындықтан құтқармақ болған Қызылбас қасына сойыл соғуға жайратын жігіттерді ертіп, барымталға мал айдап келіп жүреді. Бірақ інісінің бұл ісі дініне берік Үбіс биге ұнай қоймайды.

Бірле, күздің қара суығында би ауылының бір топ адамы от айнала мәжіліс құрып отырады. Үлкендігі бар, оның үстіне шарият шарттарын білетін Үбіс би дініміз құптайтын және құптамайтын әрекеттерді айта келе, сөзінің бір ұшын Қызылбасқа тірейді.

– Адамның бұл дүниеде қылған қиянаты да, сауап ісі де қиямет күні сұралады. Ай, Қызылбас, барымтамен еліңді асырамай-ақ қой, шың қамқорлық ниетің болса, жұртыңа адалдан нәпақа тауып бер. Сен осындағы ашқұрақ елдің көңілін жұбатқанымен, алдындағы ақ адал малынан айырылған адамдарды жылатып кетіп жүргеніңді білемісің? Қиянат көрген адамның көз жасының әрбір тамшысында Алланың қаһары тұрады, осыны ұмытпа! Күнәң қалыңдаса, ана дүниеде тозақ отына күйсең, – дейді.

Сонда Қызылбас: – Мен барымтаға барсам, елім үшін бардым, сондықтан онымды қиянат деп ойламаймын. Сен сенетін Құдайың мені ол үшін тозақтың отына күйдіре алмайды, күймеймін де, – дейді алған бетінен қайтқасы келмей.

Інісінің Құдайға күмән келтіргеніне назаланған Үбіс «Тозақтың отына күймейтін күдіретің болса көрейін» деп алаулап жатқан сексеуілдің үлкен шоғын от көсеп отырған аша таяғымен Қызылбастың оттың табына тосып жылытып отырған қолына салып жібереді. Қайсар да қыңыр мінезді батыр «тозақтың отына күймеймін» деп айтып қойған соң еш қарсылық көрсетпейді. Бір мезетте қолының терісі пыжықтылып күйіп, күлімсі ніс шыға бастағанда айналасындағылардың бірі «Тәйі әрі, бұл не қылғаның» деп қолындағы шоқты қағып жібереді. Сонда Қызылбас орнынан ұшып тұрып, «Мен тозақтың отына күймейтіндімді дәлелдедім, ал енді сен көрейін, сенен Құдайын сақтайтын болса, басыңды шабамын» деп қынынан қылшып суырып

алады.

От айнала отырғандар ағалы-інілі батырлардың арасы шиеленісе түскенін байқап, оларды тоқтатып, ымыраға шақырады. Осы оқиғадан кейін ағайынды екеуінің арасы суып кетеді. Біршама уақыттан соң Қызылбас батыр ақшға келіп, өкпесін ұмытып, ағасының алдына барып, кешірім сұрайды. Кеш болса да кішілік жолын білген інісіне разы болған Үбіс би бір мал сыбағалы асын беріп, қонақ қылыпты.

ҮБІСТІҢ ҮКІМІ

Үбіс билің атастырып қойған Рахия деген қызы құдалар келетін межелі уақытта сол ауылдағы түп-тегі белгісіз жылқышы жігітпен қашып кетеді. Үбіс би жайсыз хабарды естігенде өзі қамқорлығына алып, көмектесіп жүрген жігіттің атастырылғанын біле тұра қызын алып қашып, дүйім елдің, құдаларының алдында абыройын төккеніне қатты ашуланып, соңынан қуғыншы аттандырады. Кілең жараулы жүйрік мінгендер ермесіне есекке қыз бен жігітті ұстап алып келеді. Алайда үлкен отауда тұңжырап отырған би қашқындардың екеуін де көргісі келмейтінін айтады. Қуғыншы жігіттерге қайырымды білмейтін жылқышыны мойнына ауырталық байлап сута атуды бұйырып, ана дүниеге күнәсі пайылып, тазарып барсын дегенді айтады.

Билің бұйрығы орындалады, бір топ қарулы жігіт қашқынның мойнына құм толтырылған қанар қап байлап, түбі көрінбей үнемі қарақошқылданып жататын «Көкшүңгілдің» шүңейтіне тастайды. Қара құрдым әп-сәтте бетіндегі «құрбандығын» жаңқа құрлы көрмей жұтып жібереді. Бірақ жағала тұрғандар аздан соң кісі сенгісіз көрініске куә болады. Өлді деп тұрған адамның шүңейттің орта тұсынан шығып, арғы жағаға жанталаса жүзіп бара жатқанын көреді. Өбден қандарына қарайып алған өңкей «опербақан, ұр да, жық» жігіттер арғы жағаға жүтіреді. Жан екпінмен жағаға жетіп, қолымен тал қармап, жанталасып жатқан жылқышыны әлгілердің бірі қолындағы сырығымен кеудесінен итеріп жібереді. Өбден әлі кеткен бейбақ қайтадан су астына шым бастайды.

Болған оқиғаны Үбіс би естігенде қатты ашуланып: – Рас, ол бәтуады батаны бұзып күнә жасады, мені және бүкіл ауылды ұятқа қалдырды. Сол үшін солай жазалауды бұйырып едім. Алайда ол мойындағы құм толтырған қаппен жағаға шыққанда өлтірмей жөніне жіберулерің керек еді. Өйткені ол өзі жасаған күнәсін мойныммен көтеріп шығып еді ғой. Мұндай күш-қайрат жек келген жігіттің бойында болмайды, – деп қатты өкініпті.

Бұл оқиғадан да Үбіс билің қатал болса да, әділдікті жақтайтын тұлға екенін аңғарамыз.

ҚҰТТЫ ҚАЗАН

Үбіс билің дін жолын берік ұстанған тақуа кісі болғанын жоғарыда айттық. Ел аузында ол кісінің құтты қазаны жайлы «қазаны берекелі, дастарқанына қылты дарыған, қасиетті, әулие» деген аңызға бергісіз әңгіме бар.

Үбіс би өзі бас болып отырған айналасындағы жүз қаралы үйдің ішіндегі жетім-жесірлерге он сыырдан бөліп беріп, «сүтін іш, бір басын өзің ал, тек маған бір қарын сары май жинап берерсің» дейді екен. Ал қымыз бен шұбатты сол ауылмен бөлісіп ішіпті.

Рамазан айы жақындағаннан арнайы адалдап баққан бір өгіз бен бес қойды құтты қазанға астырады, содан соң үш-төрт пұт бидайды келіге түйгізіп, қазанға салып, оған қарыңға жинаған сары майды араластырып, әр үйдің жан санына қарай тең бөліп береді екен. Тіпті «Үбістің шүленінен ауыз тиеміз» деп алыстағы ағайындар ораза айында би ауылына арнайы келетін көрінеді. Бір қажабы, қанша жұрт дәм ауыз тисе де, қазаны ортаймайды екен.

Үбіс би дүниеден өткен соң үлкен баласы Мәнжан әкесінің қайырлы ісін жалғап, ораза айында ауызшар беріп, шүлен таратады. Алайда экелен қалған қазанға қанша мал сойып салса да, жұртқа жеткізе алмапты. Сонда оған шешесі: – Балам, ол қазанның құты әкеңмен бірге кетті. Әкең ел-жұртқа қылған қайырымын қылаусыз ниетімен жасаушы еді. Сенің бұл істі доғарғанын абзал болды, – депті.

Үбіс би тек сөздің адамы ғана емес, ол кәсіптің, істің көзін білетін заманға бейімделгіш, жаңашыл болған. Елді отырықшылыққа үйретіп, арық қаздырып, егін ектірген. Тары сеуіп, мол өнім алған. Бұл сөзімізге осы күнгі «Үбіс көлі», «Үбіс әуізі» аталатын жерлер куә.

Міне, атадан балаға аңыздай болып жетіп, кейінгі ұрпақтың жадында қалған Үбіс билің бүтін болмысы осындай. Өткен тарихын танымаған ел келешектің көкжиегіне көз жеткізе алмайды. Сондықтан өскелең ұрпақ қазақ халқын бүгінгі бейбіт өмірге жеткізген тарихи тұлғалардың өнегелі сөздері мен ерліктері жайында білуі керек. Біліп қана қоймай, сол бабаларымыздың жүріп өткен қилы жолдарынан бағыт түзеуі тиіс.

Қуат АХЕТОВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Кеңес

«Ұстаз» деген ұлы ұғымның салмағы уақыт өткен сайын жеңілдемейді. Керісінше заман өзгеріп, қоғам жаңарған сайын оның жауапкершілігі арта түседі. Өйткені ұстаз – білім үйретуші ғана емес, жас жүрекке жол сілтеп, санасына сауле түсіріп, болашаққа бағыт беретін тұлға. Әрбір шәкірттің тағдырына із қалдыратын осы мәртебелі мамандықтың несі болу – үлкен жауапкершілік. Ал сол жауапкершілікті жаңа бастаған жас маман үшін алғашқы қадамның орны тіпті бөлек.

ЖАҢА МАМАН – ЖАҢА МҮМКІНДІК



Кәсіби жолдың басталуы – адам өміріндегі ерекше кезең. Жас маман оқу ордасынан алған теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, түрлі жағдайларда өз шешімін табуға үйренеді. Бұл жолда оған қолдау көрсететін, ақылын айтып, бағыт-бағдар беретін тәжірибелі әріптестің орны айрықша. Себебі жылдар бойы жинақтаған тәжірибе – кітаптан оқып қана игерілмейтін, еңбекпен қалыптасатын үлкен мектеп. Осындай сабақтастықты нығайтып, жас мамандардың кәсіби дамуына жол ашу мақсатында «Жаңа маман – жаңа мүмкіндік» атты жас ұстаздар мен тәжірибелі мамандардың тағылымды кездесуі ұйымдастырылды.

Бұл басқосудың мәні бір ортаға әр буын өкілдерін жинап, олардың арасында еркін пікір алмасуға мүмкіндік жасауында. Кездесуде ұстаздық жолдың қыр-сыры сөз болып, жас мамандарды толандырған мәселелер ортаға салынды. Әр сұраққа жай ғана жауап беріліп қоймай, оның астарындағы кәсіби мәні таразыланды. Себебі мұндай жүздесулердің құндылығы дайын кеңес беруде ғана емес, ойлануға, ізденуге, өз жолыңды қалыптастыруға жетелеуінде.

Тәжірибелі маманның еңбек жолы – жас ұстаз үшін үнсіз тұрған өнеге. Бір қарағанда қарапайым көрінетін әрбір кеңестің артында жылдар бойы ізденіс, талай белес, сантүрлі сынақ пен жинақтаған тәжірибе жатыр. Ұстаздықта кейде бір ғана дұрыс айтылған сөз, дер кезінде берілген кеңес немесе әріптестің қолдауы жас маманның өзіне деген сенімін арттырып, кәсіби бағытын айқындауы мүмкін.

Кездесуде аға буын өкілдері өздерінің еңбек жолында кездескен түрлі жағдайларды еске алып, олардан түйген тағылымды жас әріптестерімен бөлісті. Сабақта кездесетін түрлі жағдайлар, шәкіртпен қарым-қатынас, ата-анамен байланыс, әріптестік мәдениет, маманның өзін үнемі жетілдіруі секілді маңызды мәселелер төңірегінде ой қозғалды.

Өйткені бүгінгі ұстаздың міндеті – кешегі қалыптасқан тәсілдерді қайталау ғана емес, уақыт талабына сай жаңаша іздену. Қазіргі білім кеңістігі мұғалімнен тек пәнін жақсы білуді емес, жанашыл ойлауды, тың әдістерді меңгеруді, шәкірттің қабілетін тани білуді талап етеді. Сондықтан жас маманның бойындағы жаңа идея мен тәжірибелі ұстаздың өмірлік мектебі бір арнада тоғысқанда ғана нәтижелі жұмысқа берік негіз қаланады. Жас ұстаздар да өз тарапынан белсенділік танытып, көкейінде жүрген сауалдарын ортаға салды. Өз ойларын ашық жеткізіп, кәсіби ортадағы алғашқы қадамы туралы пікір бөлісті. Бұл – жас маманның өзіндік көзқарасын қалыптастыруына, еркін ой айтуына және әріптестерімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік берген маңызды сәт болды.

Шын мәнінде, тәжірибе бір адамның еңісіндегі дүние емес. Оны бөліскен сайын құндылығы арта түседі. Аға буынның көргені мен түйгені кейінгі буынға жол сілтесе, жастардың тың ойы мен жаңа көзқарасы тәжірибелі мамандарға да жаңа серпін береді. Осы тұрғыда мұндай кездесуді бір тараптың екінші тарапқа сабақ беруі деп қабылдау аздық етеді. Бұл – екі буынның бір-бірінен үйренетін, өзара ой толықтыратын рухани әрі кәсіби алаң.

Ұстаздықта жанару мен дәстүрдің қатар жүруі аса маңызды. Дәстүр – қалыптасқан құндылықтарды сақтаса, жаңашылдық – сол құндылықтарды жаңа заманның талабына бейімдейді. Бірі екіншісін толықтырғанда ғана білім саласында берік сабақтастық қалыптасады.

Жас маман үшін ең үлкен мүмкіндік – өзіне сенетін орта мен кәсіби тұрғыда дамуға жағдайды болуы. Ал тәжірибелі ұстаз үшін кейінгі буынға білгенін үйрету – жылдар бойы еңбектің жалғасын көрудің бір көрінісі. Ұстаздықтың қадір де осында. Білгеніңді өзіңмен алып кетпей, кейінгіге аманат ету – кәсіби мәдениеттің биік өлшемі.

Кездесуде айтылған әрбір пікір, әрбір ой жас мамандардың кәсіби ізденісіне тың серпін бергені анық. Себебі мамандықтың биігіне бір күнде көтерілу мүмкін емес. Ол үшін күш сайын үйрену, қателіктен сабақ алу, тәжірибеден түйін жасау, өзіне талап қоя білу қажет.

Жас ұстаз үшін алғашқы жылдар – оның кәсіби болмысы қалыптасатын кезең. Осы уақытта ол өз қабілетін танып, мүмкіндігін бағамдап, алдағы мақсатын айқындайды. Біржана әдістерге қызықса, енді бірі шығармашылық бағытқа ден қоюы мүмкін. Тағы бір мақсат психологиясын тереңірек зерттеуге талпынады. Мұның бәрі – ұстаздың үздіксіз даму үстінде болуының белгісі.

Бүгінгі жас маман – ертеңгі тәжірибелі ұстаз. Ал бүгінгі тәжірибелі маман да бір кездері осы жолды алғаш бастаған жас маман еді. Демек ұстаздық жолдағы әр буын бір-бірімен жалғасып жатқан үлкен тізбектің бөлшегі. Бір буынның білімі екіншісіне беріліп, келесі ұрпақ оны жаңа деңгейге көтереді. Осылайша кәсіби сабақтастық үзілмейді. Кездесудің тағылымды да осында. Ол тек белгілі бір уақыт аралығында өткен шара емес, әр маманға өз еңбегіне қайта көз жүгіртіп, алдағы мақсатын саралауға мүмкіндік беретін ой алаңы болды.

Бүгінгі білім саласында жаңашылдыққа ұмтылған жас мамандардың қатары көбейіп келеді. Олардың бойында жігер де, ізденіс те, жаңа бастамаларға деген құлшыныс та бар. Ең бастысы, сол талаптың дұрыс арнаға бағытталуы. Ал оған тәжірибелі мамандардың қолдауы мен ақыл-кеңесі үлкен ықпал етеді.

Ұрпақтар арасындағы рухани көпір осындай ортақ әңгімеден, шынайы сұхбаттан, бір-бірін тыңдай білуден басталады. Тәжірибелі маманның сабырлы сөзі жас маманның жігерін жаныды. Ал жас ұстаздың тың ойы аға буынның кәсіби ізденісіне жаңа леп әкеледі. Бірі өткеннің өнегесін ұсынса, енді бірі келешектің жағалайын ала келеді. Сондықтан «Жаңа маман – жаңа мүмкіндік» атауының өзінде терен мән бар. Жаңа маманның келуі – жаңа ойдың, жаңа бастаманың, жаңа ізденістің бастауы. Ал оған жасалған әрбір қолдау – білім саласының болашағына жасалған инвестиция. Жаңа маман – жаңа идеяның бастауы. Тәжірибе – толысудың тұғыры. Ізденіс – кәсіби биіктің баспалдағы. Ал бірлік пен сабақтастық – сол биікке бастар берік жол. Осындай тағылымды басқосулар жалғасын тауып, әр жас маман өз мүмкіндігін танып, кәсіби әлеуетін толық ашуына жол ашылса, білім саласының келешегі де кемел болмақ. Өйткені әрбір білікті ұстаздың артында бір шәкірттің тағдыры, бір ұрпақтың болашағы тұр.

Ләззат ӘЛІМ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2026 жылғы 31 тамызда сағат 10.00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі № 4 үйі («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібінде :
1. Серіктестіктің 2026 жылға бюджеті

мен штат кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 5 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатындығын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын

өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроаржылық қызмет туралы», «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басылымдық алып өткізілетіндігін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Саламатов Бекжан Бакбергеновичтің атына Қызылорда облысының полиция департаментінен 2012 жылдың наурыз айында берілген зайыпкерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

4 ШИПА

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ



Жастар – елдің ертенін айқындайтын негізгі күш. Олардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып, білім алуына, еңбек етуіне, спортпен шұғылдануына және қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасау – мемлекеттік жастар саясатының басты бағытының бірі. Осы ретте аудандық жастар ресурстық орталығы жастардың бастамаларын қолдап, олардың әлеуетін дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Орталықтың негізгі мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік жасап, оларды спортқа, шығармашылыққа, мәдени-рухани шараларға тарту. Патриоттық сезімін қалыптастырумен қатар жұмыспен қамтуға және кәсіп бастауына бағыт-бағдар беру. Жыл басынан бері орталық тарапынан жастардың қызығушылығына қарай түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, спорттық жарыстар, мәдени-шығармашылық кездесулер, патриоттық және экологиялық акциялар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға басымдық беріледі. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін жастарға ерекше көңіл бөлінуде. Орталық мамандары Отбасылық цифрлық картаны өзектендіру, NEET және маргинал санатындағы жастарды анықтау мақсатында әдрестік жұмыстар жүргізіп, әр жастың жағдайын жеке зерделеуде. Жастарға «Жастар тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны», «Дипломмен ауылға», кәсіпкерлікті қолдау секілді мемлекеттік бағдарламалар жөнінде кеңес беріліп келеді. Бұл жұмыстар жастардың қоғамнан шет қалмауына, белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыруына және еңбек нарығына бейімделуіне ықпал етеді.

Орталық директоры Өбзәлі Төлеутайдың айтуынша, жастарды салауатты өмір салтына баулу да назардан тыс қалған емес. Мәселен, пробация есебіндегі және NEET санатындағы жастар арасында аудандық дене тәрбиесі,

спорт және туризм бөлімімен бірлесіп, түрлі спорттық сайыстар ұйымдастырып келеді. Мұндай шаралар жастардың бос уақытын тиімді өткізуімен қатар олардың қоғамға бейімделуіне ықпал етеді.

Орталықтың басты міндетінің бірі – жастарды жұмыспен қамтып, кәсіп бастауына қолдау көрсету. Бұл бағытта да нақты нәтиже бар. Биыл алғашқы үш айда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 21-35 жас аралығындағы жастардың кәсіп бастауына немесе кәсібін дамытуына мүмкіндік беретін 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие бойынша жалпы құны 90,1 млн теңге болатын 11 жоба ұсынылған. Оның ішінде 56,3 млн теңгені құрайтын 6 жоба қаржыландырылған. Бұл – жастардың мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланып, өз кәсібін ашуға деген қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді.

Қоғамдық жұмыстарға белсенді араласатын жастардың қатарын арттыру мақсатында орталық жанындағы «Jalyndu jас» еріктілер клубының жұмысы да бір жолға қойылған. Еріктілер түрлі қоғамдық және экологиялық шараларға қатысып, тұрғындар арасында интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

– Клуб мүшелері интернет алаяқтықтың алдын алу мақсатында халық көп шоғырланатын орындарда, атап айтқанда, «Далида» және «Тәбәрік ата» сауда үйлерінде түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырды. Шарادا

тұрғындарға интернет арқылы жасалатын алаяқтықтың кең тараған түрлері, одан сақтану жолдары және жеке деректерді қорғаудың маңыздылығы түсіндірілді. Жастар тұрғындарға сақтық шараларын сақтап, күмәнді сілтемелерге өтпеу, бейтаныс адамдарға банк картасы мен жеке мәліметтерді бермеу қажеттігін ескертті. Сонымен қатар еріктілер ел игілігі жолында еңбек етіп жүрген мамандарға қолдау көрсетуді де назардан тыс қалдырған емес. Ауданда ауа райының қолайсыздығына қарамастан электр желілерін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп жүрген арнайы бригада қызметкерлеріне жастар алғыс білдіріп, ыстық кофе мен шай ұсынды, – дейді жастар ресурстық орталығының директоры Өбзәлі Бозжанұлы.

Қыстың суық күндерінде тұрғындардың қалыпты тұрмысын қамтамасыз ету үшін тынымсыз еңбек етіп жүрген мамандарға көрсетілген ілтипат – еңбекке деген үлкен құрметтің белгісі. Осындай бастамалар арқылы «Jalyndu jас» еріктілері жастардың жанашырлық, жауапкершілік және қоғамға қызмет ету құндылықтарын дәріптеп келеді.

Орталық тарапынан жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында бірқатар жобалар мен үйірмелер тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, «Сұхбат тайм», «Мобилиография», «Жетістіктер жолы», «Кәсіп life» және «Кинотайм» жобалары жастардың қызығушылығын арттырып, өз қабілетін дамытуға мүмкіндік беруде.

«Сұхбат тайм» жобасы аясында жастармен ашық форматта кездесулер ұйымдастырылып, түрлі сала мамандарымен еркін пікір алмасу жүргізіледі. Ал «Мобилиография» үйірмесінде жастарға смартфон арқылы сапалы фото және бейне түсіру, бейнематериал әзірлеу, монтаж жасау сынды заманауи дағдылар үйретіледі. «Жетістіктер жолы» жобасы арқылы аудан жастарының жетістіктері насихатталып, олардың тәжірибесі кейінгі буынға үлгі ретінде ұсынылады. Ал «Кәсіп life» жобасында жас кәсіпкерлердің кәсібінің тынысы көпшілікке кеңінен таныстырылады. Сонымен қатар «Кинотайм» жобасы жастардың бос уақытын мазмұнды өткізуіне жағдай жасап, фильм көріп, оның мазмұнын бірге талқылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда аудан бойынша жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 4,2 пайызды құрайды. Субсидияланатын және тұрақты жұмыс орындарына 404 адам жолдана, оның 81-і немесе 20 пайызы – жас. Атап айтқанда, жастар практикасына 1 адам, қоғамдық жұмысқа 266 адам, оның ішінде 25 жас, тұрақты жұмыс орнына 115 адам, оның ішінде 47 жас жолданған. Сонымен қатар жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдауға да көңіл бөлінуде. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқуға 18 адам жіберілсе, оның 8-і – жас. Ал «Күміс жас» жобасына 4 адам қатысқан. Әлеуметтік қолдау шаралары да назардан тыс қалған жоқ. Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек 14-35 жас аралығындағы 26 отбасыға тағайындалған.

Бүгінде ауданда 2 686 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның 42 пайызын 18-35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер құрайды. Бұл ауданда жастардың кәсіпкерлікке қызығушылығы артып, өз ісін ашып, жұмыспен қамтылуға ұмтылысы жоғары екенін көрсетеді.

Өбзәлі Бозжанұлының айтуынша, орталық алдағы уақытта жастардың сұранысына сай жаңа жобаларды жүзеге асырып, олардың шығармашылық және кәсіпкерлік әлеуетін арттыру, жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуын көбейтуді көзделіп отыр. Жастардың бастамаларын қолдау, ауыл жастарын ортақ жобаларға тарту, еріктілік қозғалысын күшейту, спорт пен шығармашылықты дамыту, сондай-ақ NEET санатындағы жастарды қоғамға белсенді араластыру бағытындағы жұмыстар да өз жалғасын таба бермек.

Бүгінде жастар ресурстық орталығы үшін басты міндет – жастарды тек іс-шараларға қатыстыру емес, олардың әрқайсысына нақты мүмкіндік ұсыну. Себебі жастарға жасалған жағдай – ауданның ертеніне салынған инвестиция. Ал белсенді, білімді, еңбеккор және елқанды жастар Жалағаштың жарқын болашағының атпұлы болмақ.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

ЖАСТАРДЫ СПОРТҚА БАУЛЫҒАН ЖАН

Бұқарбай батыр ауылдық округінің тұрғыны Азамат Зауребаев спортты өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырып, бүгінде ауыл жастарын салауатты өмір салтына баулып жүр. Тәуелсіздіктің төл құрдасы жүрек қалауымен өзі таңдаған салада жақырлы еңбек етіп келеді.

– Өзім қалаған мамандықтарды оқыдым. Адам өзінің жүрегіне жақын істі таңдаса, сол жолда нәтижеге жетуге ұмтылады. Мен үшін спорт кейін таңдалған мамандық емес, бала кезден бойыма жақын болған өмір салты десем болады, – дейді Азамат.

Оның спортқа келуіне себеп болған жайттың өзі қарапайым әрі тағылымды. Немере ағасы кезінде тір тасын көтерумен айналысқан. Кейін денсаулығына байланысты спортты жалғастыра алмаған соң оның үйінде қалған ауыр темірлер Азаматтың қолына тиелді. Сөйтіп қарапайым темір көтерумен басталған спортқа деген әуестік уақыт өте үлкен мақсатқа ұласты.

Азамат Таңсықбайұлы 2014 жылдан бері Жалағаш ауданының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты «Наркескен» спорт клубының Бұқарбай батыр ауылдық округіндегі спорт нұсқаушысы болып еңбек етіп келеді. «Наркескен» спорт клубының негізгі бағыты – бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамыту. Осы жолда ол ауыл жастарының спортқа қызығушылығын арттырып, шәкірттерін жарыстарға дайындап, олардың жеңісіне бірге куанып келеді.

Азаматтың өзі де гір спортынан облыс чемпионы атанып, ҚР чемпионатында қола жүлдегер атанды. Бұл бір күнде келген жетістік емес. Оның артында мыңдай тер, тынымсыз жаттығу, талай рет қайталанған қимыл, өзімен өзін күрескен ұзақ күнгі еңбек жатыр. Өйткені спортта жеңіс ең алдымен адамның өз-өзін жеңуінен басталады. Кеше көтере алмаған салмағыңды бүгін көтеру, кеше жетпеген межеге ертен жету – үлкен жеңістің бастауы.

Азаматтың спорттағы жетістігі де елеусіз қалған жоқ. Ол Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығына ие болды. Сонымен қатар Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан Қызылорда облысы бойынша үздік спорт нұсқаушысы атанды. «Жаңа Қазақстанның жыл адамы», «Қазақстан ауылдарының үздік жастары» төсбелгісімен марапатталды. Ал оның ең үлкен жетістігі – шәкірттерінің жеңісі. Өзі баптаған Ислам Мәжнөвтің әлем чемпионы атануы – ұстаз үшін үлкен мәртебе.

– Шәкірттің жетістігі – жаттықтырушының ең үлкен қуанышы. Өзің алған медальдан бұрын

сен үйреткен баланың жеңіске жеткенін көру – ерекше сезім. Себебі оның әрбір нәтижесінің артында төккен терін, бірге күткен сәтін, бірге жасаған еңбегін тұрады, – дейді Азамат.

Айтуынша, спорт адамға ең алдымен денсаулық береді. Бірақ спорттың пайдасын тек денсаулықпен шектеуге болмайды. – Спорт адамды денсаулығы мықты болуға ғана емес, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, ортаға бейімделуге, өзіне сенімді болуға үйретеді. Жарықса шыққан бала женсе де, жеңілсе де тәжірибе жинайды. Жеңілістен кейін қайта тұруды үйренеді. Ал бұл қасиеттер өмірде өте қажет. Спортпен айналысқан адам уақытын бағалауға, тәртіпке, жауапкершілікке бейімделеді, – дейді ол.

Ауылдағы спорт нұсқаушысы ретінде Азамат жастардың қазіргі спортқа деген көзқарасына көңіл толатынын айтады. Себебі бүгінгі таңда спортпен айналысуға мүмкіндік мол. Түрлі үйірмелер, спорттық жарыстар, жаттығу орындары мен ұлттық спортты дамытуға бағытталған жобалар жастарға жол ашып отыр.

– Спортпен айналысуға барлық жағдай бар. Ең бастысы, сол мүмкіндікті дұрыс пайдалану керек. Жастарға «спортпен айналыс» деп жай ғана айту жеткіліксіз. Оларға спорттың не үшін қажет екенін түсіндіруіміз керек. Спортты міндет емес, өмір салты ретінде қабылдауымыз қажет, – дейді.

Оның ойынша, жасөспірімнің бос уақытын тиімді ұйымдастыру – қоғам үшін маңызды міндет. Себебі спортпен айналысқан жас уақытын пайдалы іске жұмсайды. Қимыл-қозғалыс оның денесін шынықтырса, тәртіп мінезін қалыптастырады. Ал мақсат қою мен оған жетуге ұмтылу болашағына жол ашады.

– Жақсы спортшы болу үшін алдымен жақсы адам болу керек. Жеңіске жету үшін ниет болуы керек. Одан кейін еңбек, тұрақтылық, сабыр керек. Барлығы бірден орындала бермейді. Кейде адам көп еңбек етеді, бірақ нәтижесі бірден көрінбейді. Сондай кезде тоқтап қалмау қажет. Сабырмен күтіп, еңбекті жалғастыра білу керек. Менің түсінігімде жеңіс – бір күннің емес, күн сайынғы еңбектің нәтижесі, – дейді ол.

Бұл сөздің астарында оның өз өмірінің тәжірибесі жатыр. Спортта да, еңбекте де

тұрақтылық болмаса, биік нәтижеге жету қиын. Бүгін жаттығып, ертен тастап кеткен адамнан үлкен нәтиже күту мүмкін емес. Ал күн сайын аз-аздан болса да алға жылжитын адам бір күні өзінің бұрынғы деңгейінен әлдеқайда биікке көтеріліптің байқайды.

Спортшының түсінігінде, бала тәрбиесінде де спорттың орны ерекше.

– Балаға спортты кішкентай кезінен таныстырған дұрыс. Бірақ барлығын чемпион ету міндет емес. Ең бастысы, баланың дені сау, мінезі қалыптасқан, өзіне сенімді болып осуы. Спортқа барған бала жеңуді ғана емес, жеңілген кезде сабыр сақтауды да үйренеді. Қарсыласын құрметтеуді, тәртіп сақтауды, үлкенді тыңдауды, өзіне талап қоя білуді меңгереді. Осындай қасиеттер кейін өмірдің кез келген саласында қажет болады, – деді ол.

Азаматтың сөзінен спортқа деген кәсіби көзқарастан оның адам тәрбиесіндегі маңызын терең түсінетін азаматтың ойы аңғарылады. Шын мәнінде, спорт – медаль мен марапаттың ғана жолы емес, мінез мектебі. Бүгінгі жасқа ең керегі де – осы. Қоғамға өзіне сенімді, еңбектенуден қашпайтын, қиындыққа мойымайтын, мақсатына жетуге талпынатын жастар қажет. Ал мұндай қасиеттердің қалыптасуына спорттың ықпалы зор. Сондықтан Азамат секілді ауылдағы спорт мамандарының еңбегі жай ғана жаттығу өткізуге шектелмейді. Олар жас ұрпақтың бойына тәртіп пен талапты, намыс пен жігерді, тәзім мен табандылықты сіңіреді.

Ауыл спортының да өзіндік бір қасиеті бар. Мұнда үлкен спорт сарайларындағыдай мүмкіндік болмауы мүмкін. Бірақ ауыл баласының жүрегінде намыс, жігер, арман бар. Сол арманға дұрыс бағыт беріп, қабілетін ұштайтын азаматтар қажет. Азамат Таңсықбайұлының еңбегі осы тұрғыда ерекше мәнге ие. Өйткені спортшы болу – тек күшті болу емес, өзіндік жеңе білу. Ал өзін жеңе алған адам өмірдің талай биігін бағындыра алады. Бүгінде Азамат шәкірттеріне осы ұстанымды үйретіп келеді. Оның арманы – ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, ұлттық спорттың өрісін кеңейту, ел намысын қорғайтын жаса бұны спортшыларын тәрбиелеу, – Жастарға айтарым, уақытты босқа



өткізбейсіздер. Қай спортты таңдасаң да, соған тұрақты деп қойыңыз. Бірден нәтиже шықпаса, көңіл түспесін. Әр үлкен жеңістің алдында ұзақ еңбек тұрады. Ең бастысы, ниет, еңбек, тұрақтылық және сабыр. Спорт адамы тек жеңіске жеткізбейді, өмірге дайындайды. Сондықтан спортты таңдаған жас өзінің болашағын да таңдайды деп ойлаймын, – деді ол.

Бәлкім Азаматтың спорттағы жолы бір ғана гір тасын көтерумен басталған шығар. Бірақ сол темір оның қолында жай ғана спорт құралы болып қалмай, өмірлік мақсатқа айналды. Ал мақсат еңбекпен бекіп, еңбек нәтижеге ұласты.

Бүгінде Бұқарбай батыр ауылындағы спорт алаңында жаттығып жүрген әрбір жас – ертенгі күннің үміті. Олардың арасында болашақ чемпион да, елге қызмет ететін азамат та, үлкен белестерді бағындыратын маман да бар. Сол себепті бүгінгі жасқа спорттың есігін ашу – ертенгі қоғамның іргесін бекемдеу. Осы тұрғыда Азаматтың еңбегі ерен.

Ләззат ӘЛІМ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

Мереке қарсаңында белсенді жастар тазалыққа үлес қосты. Жастардың қатысуымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы өтті. Оған аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Мақсат Баймағанбетов қатысты.

Акцияда аудан басшысы белсенді жастармен бірге тазалық жұмыстарына атсалысып, қоршаған ортаны қорғау мен туған жерді қорқытуға үлес қосып жүрген жастар және еріктілермен кездесті. Сондай-ақ тазалық пен абаттандыру жұмыстарына белсене қатысып жүрген жастарға алғысын білдіріп, бірқатар волонтерлі арнайы марапаттады.

– Таза аудан – ортақ жауапкершілік. Туған жердің тазалығы мен көркеюіне үлес қосу – әрқайсысымыздың азаматтық міндетіміз. Осындай игі іске белсенді араласып жүрген жастарға ризашылығымды білдіремін, – деді аудан әкімі Ардақ Әбділғапарұлы.

Жастардың бастамасымен өткен экологиялық акция туған жерге деген жанашырлықты арттырып, тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Өйткені таза әрі көркейген аудан – барша тұрғынның ортақ еңбегінің жемісі.

Мұнан бөлек жастар күніне орай аудандық емханада «Денсаулық қалашығы» атты ашық есік күні өтті. Онда тұрғындарға тегін медициналық және психологиялық кеңес берілді. Іс-шараға терапевт, нарколог, психолог және жастар денсаулығы кабинеті мамандары қатысып, жастардың сауалына жауап берді. Сонымен қатар ерікті белсенді жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған «Дені сау ел – ұлт болашағы» атты семинар-тренинг ұйымдастырылды. Семинарда жастардың денсаулығын нығайту, зиянды әдеттердің алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Жастар күніне арналған шаралар легі аудан әкімдігінің қолдауымен орталық алаңда мерекелік гада-концертке ұласты. Кеште сахна төрінде Бауыржан Мынбай мен аудан өнерпаздары өз өнерлерін ортаға салды. Мерекелік парада түрлі ойындар ұйымдастырылып, белсенді көрермен арнайы сыйлықтар иеленді. Сыйлықтар «Zhan Food» фаст-фуд орталығы, «Marrakesh» отбасылық мейрамханасы, «My Waffle», «Tatty Waffle», «Асыл ет» және «Inabat berry» қоғамдық тамақтану орындарының кәсіпкерлері демеушілік жасаған сертификаттар түрінде табысталды.

6 тамыз күні бастау алған шара 12 тамыз күні аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың белсенді жастармен еркін форматта кездесуімен қорытындыланды. Басқосуда жастар саясатын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен қолға алынған жобалар тарқатылды. Аудан әкімі жастарды төл мерекесімен құттықтап, олардың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жүрген үлесіне тоқталды.

– Сіздер – елдің жанаруы мен дамуының негізгі қозғаушы күші, жаңа идеялардың бастамашысы, ел ертінің үмітгісіздер. Жастар үшін терен білім, еңбекқорлық және отаншылдық аса маңызды. Еліміздің келешегі білімді, білікті, отаншыл әрі белсенді жастардың қолында. Мемлекет тарапынан жастардың сапалы білім алуына, еңбек етуіне, кәсіп бастауына және өз әлеуетін жүзеге асыруына жан-жақты қолдау көрсетіледі. Туған жердің өркендеуіне белсенді атсалысып, қоғамның дамуына өз үлестеріңізді қосуға шақырамын, – делі Ардақ Ибраимов.

Кездесуде аудан әкімі жастармен еркін пікір алмасып, олардың сауалдарына жауап берді. Сондай-ақ жастардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, бірқатар мәселені талқылады. Жіын соңында қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, түрлі бастамаларға себепші болып жүрген жастар облыс әкімінің және аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, бүгінде ауданда 14-35 жас аралығындағы 10 735 жас бар. Бұл аудан халқының 30,2 пайызын құрайды. Жастардың азаматтық белсенділігі де артып келеді. Аудандық жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған «Жалынды жас» еріктілер клубының мүшелері қоғамдық және қайырымдылық шараларға белсенді қатысып, қоршаған ортаны қорғау, тазалықты сақтау, әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандарға көмек көрсету бағытында игі істер атқарып жүр.

Белсенді әрі бастамашылы жастардың мұндай жұмыстары туған жердің дамуына серпін беріп, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен жанашырлық құндылықтарын нығайта түседі. Бүгінде қоғамның әр саласында белсенді еңбек етіп жүрген жастар жетерлік. Білім мен ғылымда біктерді бағындырып, спортта топ жарып, мәдениет пен өнерде ел мерейін асырып жүргендердің басым бөлігі – жастар. Олар өз жетістіктерімен туған жердің абыройын асқақтатып, еліміздің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Жастар күнін тойлауға арналған апталық аясында түрлі мәдени, танымдық және қоғамдық шаралар ұйымдастырылып, жастардың белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін танытуға кең мүмкіндік берілді. Аталған іс-шаралар жас буынының басын біріктіріп, аудан жастарының мерекелік апталығы мазмұнды шаралармен қорытындыланды.

Сезім НҰР

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> <i>Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.</i> <i>Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.</i> <i>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</i>	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2871 Тапсырыс №1360 Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ
--	---	---	--	--